



ТАҒЫР АТЖ- КАЗАЛЫ

№46
(2217)
Сенбі
1 маусым
2024 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті балалар!
Қадірлі ата-аналар!
Баршаңызды 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаздың алғашқы күнімен келетін мереке балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты және жыл сайын асыға күтетін басты мереке.

Ата-ананың ең үлкен бақыты – баласының жақсы азамат болып өсуі болса, ілгері ойлайтын мемлекет пен қоғамның да басты мақсаты – елге ие болатын білімді де Отаншыл ұрпақ тәрбиелеу.

Себебі, бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел үміті, ұлттың жалғасы.

Сондықтан бала қуанышын бағына балаған ата-ана үшін де, бар тілегі мен елдік мұратын балалармен байланыстырған мемлекет үшін де бұл мерекенің маңызы зор.

Қымбатты балалар!

Біздің көңіліміздің гүлі, көзіміздің нұры, болашағымыз – Сіздерсіздер! Сондықтан да, сапалы білім алып, еліміздің дәулетті, жеріміздің сәулетті болуы үшін белсенділік танытып, еліміздің одан әрі гүлденуіне өз үлестеріңізді қосуларыңыз керек.

Болашақтарың жарқын, аспандарың ашық болсын! Елімізді өркендетер келешектің кемеңгері болыңыздар! Әрқашан жүздеріңізден күлкі, жүректеріңізден мейірім кетпесін!

Ізгі ниетпен,

Қазалы ауданының әкімі

Мейрамбек Шермағанбет



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен ауыл шаруашылығы саласындағы бірқатар өзекті мәселелерге арналған мәжіліс өтті.

Мәжілісте көктемгі егіс науқанының жүргізілу барысы, мал басын бірдейлендіру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, игерілмеген жерлерді мемлекетке қайтару, жайылымдық жерге жүктеме түсірмеу үшін малдарды елді мекендерден тысқары жерге шығару сынды өзекті мәселелер талқыланды.

Мәжілісте аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндама жасады.

Биыл ауданымызда 17 377 гектар ауыл шаруашылығы дақылдарын, негізгі дақыл – күрішті 6 200 гектар жерге орналастыру жоспарланған. Бүгінгі таңда 4388 гектар күріш егіліп, 3279 гектары суға бастырылған.

Аудан басшысы көктемгі егіс науқаны-күзгі орақтың алғашқы жауапты кезеңі болғандықтан, науқанға аса жауапкершілікпен қарап, тиісті жұмыстарды жоғары деңгейде

ұйымдастыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар күріш егу жұмыстарын шұғыл түрде аяқтау қажеттігін ескертті. Ал егінді сумен қамтамасыз ету мәселесі бойынша

тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеп, серіктестіктердің суға қарызын өндіру бойынша жұмыстарды жүргізу керектігін айтты.

Мәжілісте аудан әкімі ауыл әкімдеріне ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру мен елді мекендердегі жайылымдық жерлерге жүктеме түсірмеу үшін малдарды тысқары жерлерге шығару жұмыстары өте баяу жүргізіліп жатқандығын айтып, бұл жұмыстарды үйлестіруді тапсырды.

Сонымен қатар, жауапты сала басшыларына аудан аумағындағы тұрғын үй құрылысына, кәсіпкерлік мақсатта және ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында берілген жер учаскелеріне талдау жұмыстарын жүргізіп, белгіленген мерзімде игерілмеген жерлерді мемлекетке қайтару бойынша шұғыл жұмыс істеу жөнінде тапсырмалар берді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ТАРИХ, ТАҒДЫР, ТАҒЫЛЫМ

Қазақ тарихындағы ең қайғылы оқиғалардың бірі- 31 мамыр-саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген кеңестік тоталитаризмнің зұлым саясатының салдарынан орын алған ашаршылық жылдарында қаншама ата-бабаларымыз солақай саясаттың құрбандарына айналды.

Аштықтан елімізде 2 миллионға жуық адам қайтыс болды. Басқа ұлт өкілдері күшпен қазақ жеріне жер аударылды. Қаншама қиындық көріп, қуғын-сүргіннен зардап шеккен қазақ халқы жер аударылып келген басқа ұлттарды қиыншылыққа қарамастан, кеңпейілділік танытып, жақынындай сыйлады. Қазіргі уақытта сол ұлт пен ұлыс өкілдері біздің отандас бауырларымызға айналды.

Елімізде қуғын-сүргін құрбандарын еске алу 1997 жылдан бастап атап өткізіліп келеді.

Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында қуғын

сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған «Тарих, Тағдыр, Тағылым» атты конференция өтті.

Конференцияға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып, сөз сөйлеп, шараға қатысушы қонақтар қуғын-сүргін құрбандарын 1 минут үнсіздікпен еске алды. Одан соң, Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы университеттің тарихшы-ғалымдары: Ахметов Бақытжан мен Жұмаділдаев Мәулен Қызылорда облысында орын алған ашаршылық құрбандары жөнінде баяндама жасады.

Қазалы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, қуғын-сүргін құрбанының ұрпағы Болат Жолтаев сөз сөйлеп, Кеңестік кезеңдегі зұлым саясаттың салдары жөнінде мағлұматтармен бөлісті.

Кеш соңында аудан ардагерлері мен ақсақалдары сөз сөйлеп, келген қонақтарға алғыстарын білдірді.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

АУДАН ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТЫҢДАДЫ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдау кестесіне сәйкес кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады.

Аудан әкімінің қабылдауына денсаулық сақтау, тұрғын үй, жол және жарық орнату, жұмысқа орналасу мәселелерімен 18 азамат келді.

Қабылдауда тұрғындардың әрбір ұсыныс-пікірі, өтініштері мен сауалдары назардан тыс қалмай, әрқайсысы толық зерттеліп, заң аясында шешілу жолдары қарастырылды. Кейбір сұрақтарға жауапты басшылар тарапынан түсіндірмелер беріліп, бірқатар азаматтардың мәселелерінің шешілу жолдары көрсетілді.

Қабылдауда көтерілген кейбір мәселелер бойынша аудан басшысы тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеп, заңдылыққа сәйкес тұрғындарға мүмкіндігінше тезірек көмек көрсетуді тапсырды.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН АШЫҚ ТУРНИР ӨТКІЗІЛДІ



Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан азамат, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Жалпақбай Нұрмағамбетовті еске алуға арналған тоғызқұмалақтан ашық турнир өткізілді.

Әйтеке би кентіндегі спорт кешенінде өткен турнирді аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов сөз сөйлеп ашып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Облыстық тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығының атқарушы директоры Біржан Елеусінов, туыстары атынан Дөңес Жанаділов, баласы Марат Нұрмағамбетов сөз сөйлеп, Жалпақбай Нұрмағамбетұлы жайында естеліктермен бөлісті.

Ұлттық спорт - тоғызқұмалақтан жастар мен жасөспірімдер арасындағы жекелей аудандық ашық турнирге Қызылорда қаласы мен аудандардан 7 команда, аудан мектептерінен 9 команда, 160-қа жуық спортшы қатысты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

● Көктемгі көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық айлығы қалай жүргізілуде?

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНДА БЕЛСЕНДІ



Газетіміздің әр нөмірі сайын күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселелердің бірі-санитарлық тазалық жұмыстары. Бұл ауданымыздың барлық өңірлерінде қолдау тауып, күн санап жақсы нәтижелерге қол жетуде. Әсіресе ауыл-аймақтардың тазалығы қашан да басты орында. Осы күнге дейін Қазалы ауданының ауылдық округтерінің маңындағы қоқыс полигондары жинақталып, шашылған қоқыс қалдықтары арнайы орындарға шығарылды. Ауылдық округтерге техника жағынан көмек көрсетіліп, бұл іске тек әкімдіктер ғана емес, қарапайым тұрғындар мен кәсіпкерлер де қол ұшын созуда.

Қазіргі кезде «**Майлы-бас**» ауылдық округінде тазалық жұмыстары ойдағыдай

жүргізіліп келеді. Көктем айлары басталғалы ауылдық округте 800-ге жуық тал көшеттері егіліп, мекеме ұжымдары талдарды өктеді. Мемлекет есебінен бөлінген қаржыдан ауылдық округтің тазалығы үшін 16 контейнер сатып алынды.

Әр апта сайын өткізілетін сенбілік жұмыстарына ауыл тұрғындары түгел қатысуда. Ауыл ішіндегі арықтар тазаланып, сәуір айынан бастап берілген аяқсудың барлық саябақтар мен көшелерге жеткілікті баруын жауапты мамандар бақылауда.

Айта кету керек жыл сайын көктемде аяқ су мәселесі ауыл тұрғындарын жиі мазалайтын. Осы мәселеге орай бүгінде көптеген ауылдық округтер су айдайтын насос қондырғыларын орнатып қойған.



Сонымен қатар, «**Аранды**» ауылдық округінің орталығы -Қожабақы аулында да тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілді. Ауыл тұрғындары мен мекеме қызметкерлері ауыл ішін, үй аулалары мен ауыл маңындағы су айдындарының жағалауын тазалап, қоқыс қалдықтарын сұрыптап, бөлінген техникамен арнайы орындарға жеткізді.

Ауыл тұрғындары тазалық акциясы аясында өткізілген апталықтарға біркісідей атсалысып, ауыл тазалығы үшін еңбек етті. Сонымен қатар, «Тәрбие тал бесіктен» дегендей Қожабақы аулындағы №25 орта мектептің оқушылары тазалық жұмыстарына қол ұшын созды. Мектеп бітіруші түлектер «Түлектердің ағаш егу» челленджі бой-

ынша көшеттер отырғызып, «Туған өлкем» фестивалі жоспарына сәйкес «ЕКО BOLASHAK» абаттандыру, көгалдандыру, экологиялық акциясы аясында мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді. Оқушыларды сенбілікке қатыстырудағы басты мақсатымыз – еңбексүйгіштікке, табиғатты аялауға, экологиялық мәдениеттерін арттыруға тәрбиелеу, -дейді мектеп ұстаздары.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» дейді халқымыз. Сондықтан тәрбиелі, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу үшін ең алдымен өзіміз тәртіпке бағынып, тазалықты әрқашан жанымызға серік қылғанымыз абзал.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

31 мамыр – халқымыздың тарихындағы ең қасіретті күн. «Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді», – деп зар жылаған санғасырлық тарихы бар халқымыздың басынан талай зұлмат жылдар өткені баршаңызға белгілі.

XX ғасырдың 1931-1932 жылдарындағы ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көзінің жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттері.

Тарих деректеріне жүгінсек, 1921-1922 жылдары 1 миллион 700 мың адам қырылса, 1931-1933 жылдары 2 миллион 300 мың бейбақ опат болған.

1929-1933 жылдары аштықтан қазақтың 40 пайызы қырылды. 1928 жылы Қазақстанда жалпы есеппен 40 миллион бас мал болса, 1933 жылы оның 4 миллионы ғана қалған. Міне, елді қынадай қырған ашаршылықтың ащы ақиқатының ең бір өзекті тұсы осы цифрлардың астында көмулі жатыр...

Сол кездегі есептер бойынша, 1930 жылы 121 мың 200 адам өз атамекенінен сыртқа ауып кетіпті. Кейін олардың жартысы кері оралған, қалғандары Қытайда, Өзбекстанда, Түркменстанда, Ресейде қалып қойды. 1 миллион 700 мың адам оба мен аштықтан далада сүйектері шашылды. Тек 40 жыл өткен соң ғана 70-жылдары тарихшылар қазақтар өздерінің 1926 жылғы санына өзер жеткенін жазды.

Әкімшіл-әміршіл жазалаушы жүйе мұнымен де тоқтамады. 1937-1938 жылдары халқымыздың зиялы азаматтары, ұлтымыздың бетке шығар қаймағы, Алаш арыстары: Шәкәрім Құдайбердиев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, қоғам қайраткерлері: Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров сынды ақын-жазушылар, тағы басқа елім деп еңбек еткен асыл азаматтар саяси қуғын-сүргіннің, жазықсыз жаланың құрбаны болды.

Тағдырлары тар қапаста үзілген жандардың саны қисапсыз. 1921-1940 жылдары «революцияға

қарсы және ерекше қауіпті мемлекеттік қылмыстары үшін» қазақстанда 3 миллион 80 мың 574 адам сотталса, олардың 1937-1938 жылдары 1 миллион 344 мың адамы лагерьлерге қамалып, 600 мыңы өлім жазасына кесіліпті.

Демограф ғалымдардың зерттеулері бойынша тек Қызылорда облысы бойынша жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырап, сотталғандар саны 4500 адам, оның 1153-і ату жазасына кесілген. Олардың қатарында қазалылықтар, кезінде білім бөлімін басқарған Нұржан Баубеков, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы болған Қазмұхамед Күлетов есімді жерлестеріміз болды.

Мың өліп, мың тірілген қиын кезеңдердің соңы жақсылықпен жалғасып, Қазақстанда 1993 жылы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң шықты.

1997 жыл – ел тарихында «Татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп аталып, жоғары дәрежеде іс-шаралар ұйымдастырылды.

31 мамыр – сол құрбандарды еске алу күні деп белгіленді. Біз бұл күнді қаралы дата деп атап өтіп, оңай айта салғанымызбен, оның түбінде үлкен қайғы-қасірет жатыр.

Міне, содан бергі уақытта көптеген азаматтарымыз ақталып, ардақталды. Олар жөнінде тарихи деректер жиналды. Елді мекендер мен көшелерге, мектептер мен кітапханаларға саяси құрбандарымыздың есімдері берілді. Осылайша, елі үшін жазықсыз қудаланған арыстарымыздың есімі мәңгі сақталып, тарих бетінен өшпес із қалдырды.

Сондықтан арада қанша уақыт өтсе де халқымыздың ұлы қасіреті, тоталитарлық жүйенің құрбандары ешқашан ұмытылмайды.

Заманында қуғын-сүргінге ұшыраған атабабаларымыздың есімін есте сақтау, олардың ерлігін ұрпаққа үлгі ету баршамыздың міндетіміз.

Сондықтан әрдайым олардың рухына тағзым етейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Қазалы ауданының прокуратурасы

АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Күріш егісі жөнінде су шаруашылығы маманы ретінде төмендегі мәселеге байланысты пікір білдіріп отырмын.

Қазалы ауданында инженерлік жүйеге келтірілген 29 мың гектардан астам жер 1974 - 1992 жылдар аралығында пайдалануға берілді. Оның 17883 гектары күріш дақылына арналған.

Кезінде күріштің әр гектарынан орташа есеппен 45-50 центнерден өнім жиналған. Кеңес өкіметі тараған кезден бастап ішкі су жүйелері істен шыға бастады. Ауыспалы егіс алқаптарының кейбір бөлігі тұзданып пайдалануға жарамай қалды. Мемлекеттік суландыру жүйесі басқармасы республикалық су қоры және экология комитетіне қарайтын Қызылорда облыстық филиалының Қазалыдағы бөлімшесі болып өзгерді. Осы кезден бастап есепте тіркеліп тұрған шаруашылық аралық каналдар есептен шығарылып иесіз қалды немесе ауылдық әкімшіліктің есебіне тіркелді. Қазіргі кезде шаруашылық аралық және шаруашылық каналдарын лай шөгінділерінен тазарту жұмыстарына басшылық жасайтын қызметтегі адам жоқтың қасы. Канал бойындағы суды реттейтін гидротехникалық шлюздердегі суды ашып жабатын затворлар, регуляторлар қолды болып тоналуда.

Алдағы уақытта Қазақстанда су шаруашылығын басқаратын маман даярлау өзекті. Сол үшін, су шаруашылығы және мелиорация институтын қайта ашу қажет.

Келешек су тапшылығы болатыны қазірден белгілі. Сол үшін суды үнемді жұмсаудың жолын айтқалы отырмын. Күріш егісіне арналған ауыспалы егіс алқабы (севооборот) сегіз танаптан (поле) тұрады. Шаруашылық сегіз танапқа түгелдей күріш егіп тастайды. Бұлай ету дұрыс емес. Күріш егуге арналған егістік ауыспалы болуы керек. Бұны ротация севооборотов дейді. Мысал келтірсек, бір ауыспалы егіс алқабының аумағы әр танабы 60 гектардан десек сегіз танаптың аумағы 480 гектар болады. Осы ауыспалы алқаптың бес танабына күріш егіледі, яғни $60 \times 5 = 300$ гектары күріштік, екі танабына жоңышқа $60 \times 2 = 120$ гектар және бір танабын зябке жыртып, 60 гектарды тынайтуға қалдырады (мелиоративное поле дейді). Осы

тәсілмен жылда күріш егілетін танапты ауыстырып отырады. Төрт жылда ауыспалы егістік толық ауысып үлгереді, егіс егілетін алқап тыңайып, егін шығымы әр гектарынан 80 центнерден артық өнім беретін болады.

Ауыспалы егістіктің пайдаланатын су шығыны және қашыртқы сулары да азаяды. Жоғарыда мысалға келтірілген 480 гектар ауыспалы егістік алқабындағы күріштік егісіне есеп бойынша 11860992 текше метр су шығындалса, ауыспалы егістікке жұмсалатын су шығыны 7540729 текше метр болады. Яғни, 300 гектар күрішке керек су шығыны 7413120 текше метр болса, 120 гектар жоңышқаға керек су шығыны 127609 текше метр. Айырмасы $11860992 - 7540729 = 4320263$ текше метр. Бұрынғы егістік алқаптағы су пайдалану 100% болса, ауыспалы егістіктегі су шығыны $63,57\%$. Қашыртқы сулар бұрындары 480 гектар егістік алқаптан 3126989 текше метр ағатын болса, ауыспалы егістіктен ағатын судың шамасы 1954368 текше метр болады. Айырмасы $3126989 - 1954368 = 1172621$ текше метр, немесе $62,5\%$ азайды.

Келешекте күріштік алқаптарда яғни 17883 гектарауыспалы егістікке 441896 мың текше метр судың орнына 280939 мың текше метр су қажет болады. Сол сияқты қашыртқы суларда 116500 мың текше метрдің орнына $72812,4$ мың текше метрге азаяды. Алдағы кезде Қазалы ауданындағы мал азығына бағытталған ауыспалы егістіктерге де (ротация севооборота) енгізу керек. Барлық инженерлік жүйеге келтірілген егістік алқаптарды (ротация севооборота) енгізген кезде шаруашылық аралық, шаруашылық, ішкі су жүйелеріндегі арықтармен келетін судың мөлшері де тиісінше азаяды. Ғалымдардың нұсқауына сүйенген кезде жоғарыда келтірілген күріштіктің үлесі $63,57\%$ орнына 52% болса тиімділік жоғарылай береді. Осылайша ауданымызда судың тапшылығына қарсы тұратын боламыз және егіс алқабындағы дақылдардың шығымы ұлғайады, мал азығы қоры артады. Қашыртқы суларды сору кезінде электр энергиясын үнемдейміз. Суға төлейтін ақша қаражаты төмендейді.

Әбдрасулла ЖҰБАНБАЕВ,
Инженер-гидротехник

ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

ҚР АШМ АӨК Мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік қызмет көрсетумен айналысады. Атап айтқанда:

1. Карантинге жатқызылған өнімді ҚР аумағында тасуға карантиндік сертификат беру.

2. Карантинге жатқызылған өнімді ҚР-дан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру.

2023 жылдың 1 тамызынан бастап, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-08/590 бұйрығына 2023 жылғы 1 маусымдағы №211 бұйрығымен өзгеріс енгізіліп, өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына сәйкес, карантиндік сертификатты беру мерзімі 8 (сегіз) жұмыс сағатын, фитосанитариялық сертификатты беру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.



ТӘРТІПКЕ БАС ИЕ БІЛЕЙІК

Сыбайлас жемқорлық – ел экономикасы артқан сайын етек алып, тамырын жайып бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Бұл саладағы жұмыстар оң нәтижесін көрсету үшін баршамыз өз үлесімізді қосуымыз қажет. Егер де «Сыбайлас жемқорлықты – ел қасіреті» десек, онда ол – біздің және болашақ ұрпақтың дамуына кері әсерін тигізуші фактор деп айтуымызға болады. Шындығында осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны, ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні

сөзсіз бәрімізді алаңдатады.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді. Заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару орындарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр,

бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін пайдалана отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Ұйымдасқан қылмыспен немесе сыбайлас жемқорлықпен айналысқан күдікті тұлғаның мүлтік және қаржылық жағдайын, оның зайыбын, жақын туыстарын, олармен бірге тұрған басқа да тұлғаларды, сондай-ақ күдіктінің иелік еткен, оның қолданған мүлігін, құралдарын тексеруге құқығы бар.

Қызмет бабын пайдаланып, мемлекет мүлкін талан-таражға салу, ақ адал жандардың обал, сауабын елемеу, имандылық қасиеттерден жұрдай болуға әкеліп соқтырады. Мүлік теңсіздігі пайда болған

тұста қылаң берген жемқорлық сипатындағы қылмыстардың түп-тамырын қуалап көрсек, оған жол беретіндердің көпшілігі «алаған қолым береген» деген ұстанымды жақсы көретін жеңіл ойлылар.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге борышты.

Талант ЕРІМБЕТОВ,
Қазалы қаласы әкімі
аппаратының
бас маманы

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ



Биылғы жылы елімізде алғаш рет тойланған 12 мамыр – Аналар күніне орай өңірімізде түрлі кештер, аналарымызға құрмет ретінде салтанатты шаралар өткізілді. Сондай шараның бірі – Қазалы аграрлы - техникалық колледжінде өтті.

Білім ордасында нәзікжанды студент қыздарымызға ақыл-кеңес айтып, дұрыс бағыт бағдар беру мақсатында «Ақжүніс» қыздар ұйымы жұмыс істейді. Қыздар ұйымының төрайымы Салтанат Тәжібекова.

Мереке қарсаңында «Ақжүніс» қыздар ұйымының жетекшісі, арнайы пән оқытушысы Тәжібекова Салтанат Ғабиденқызының ұйымдастыруымен «Ана – мәңгі асыл бейне ардақты» атты «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегері атанған көпбалалы аналармен кездесу кеші өткізілді. «Алтын алқа» иегерлері Піржанова Рима, Кеулімжаева Бақытгүл, «Күміс алқа» иегері Тайгараева Ольга салтанатты шараның құрметті меймандары болды.

Кездесу кешін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жаңылова Гүлазат Инабатқызы ашып, көпбалалы аналарға

өзінің ыстық лебізін, алғысын жеткізді.

«Көп балалы отбасы – береке-бірліктің үйлескен жері. Адамзат тарихында есімі елге танылған тұлғалардың көпшілігі көпбалалы отбасында дүниеге келген», - деген «Ақжүніс» қыздар ұйымының жетекшісі Салтанат Тәжібекова қонақтарға отбасындағы қыз бен ұл тәрбиесі туралы сұрақтарын қойды. Аналар қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап беріп, өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Отбасы құндылығы туралы келелі ойларын ортаға салды.

Кеште білім алушылар да ардақты аналарға балаң көңілмен көкейлеріндегі сауалдарын жолдады.

Колледжіміздің бір топ өнерлі студенттері аналарға арнап әндерін шырқаса, биші қыздарымыз әсем биімен мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Кеш соңында аналарға сыйлықтар табысталды.

Салтанат ТӘЖІБЕКОВА,
Қазалы аграрлы-техникалық
колледжінің оқытушысы

ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Сонымен қатар, карантинге жатқызылған жылдам бұзылатын өнімді (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) ел аумағында тасуға карантиндік және фитосанитариялық сертификат беру өтініш келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырылады. Ол үшін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік –фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса жолдануы қажет.

Қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар www.egov.kz «электронды үкіметтің» вебпорталы арқылы өтінім бере алады. Сонымен қатар, инспекцияда жеке және заңды тұлғалардың өтінім беру процесін жеңілдету мақсатында, «өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы ұйымдастырылған. Өтінім келіп түскеннен кейін, инспекцияда ұйымдастырылған «бір терезе» қағидаты бойынша орындаушыға жолданып, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор өнімнің фитосанитариялық жай-күйін жете тексеруге барады, қажет болған жағдайда үлгілер алып, фитосанитариялық сараптамаға жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу барысында кедергілер немесе қосымша сұрақтар туындаған жағдайда 21-7-60 номерлері арқылы байланысуға болады.

Мәулен ҚАРАСАЙ,
ҚР АШМ АӨК МИК МИК
Қазалы аудандық аумақтық
инспекциясының
Өсімдіктер карантині
жөніндегі
мемлекеттік инспекторы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.